

Авиация персоналы куәлігін беру қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 138 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 1 сәуірде № 6860 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 750 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 26.09.2013 № 750 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 54-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Авиация персоналы куәлігін беру қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә. Құсайынов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

К ө л і к

ж ә н е

к о м м у н и к а ц и я

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 4

н а у р ы з д а ғ ы

№

1 3 8

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

Авиация персоналы куәлігін беру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Авиация персоналы куәлігін беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңына және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (Чикаго, 1944 жылғы 7 желтоқсан) 1-қосымшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағида азаматтық және эксперименттік авиацияның авиация персоналына куәлік (бұдан әрі – куәлік) беру тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидада мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) авиация персоналы – арнайы және (немесе) кәсіптік даярлығы бар, әуе кемелерінің ұшуын, әуе тасымалдары мен авиациялық жұмыстарды орындау және қамтамасыз ету, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – ӘК ТҚК), әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету, әуе қозғалысын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке адамдар;

2) авиация персоналының куәлігі (бұдан әрі - куәлік) - авиация персоналының біліктілігін растайтын белгіленген үлгідегі құжат;

3) авиация персоналына куәлік беру тізілімі (бұдан әрі - Тізілім) - авиация персоналына куәлік беру туралы жазба жазылатын құжат;

4) біліктілік белгісі - куәлікте жазылған немесе оған қатысы бар, оның бөлігі болып табылатын, осы куәлікке қатысты ерекше жағдайлар, құқықтар немесе шектеулер көрсетілген жазба.

4. Куәлік мынадай авиация персоналына беріледі:

1) әуесқой пилот (ұшақ);

2) әуесқой пилот (тікұшақ);

3) коммерциялық авиация пилоты (ұшақ);

4) коммерциялық авиация пилоты (тікұшақ);

5) желілік пилот (ұшақ);

6) желілік пилот (тікұшақ);

7) аса жеңіл авиация пилоты;

8) штурман;

9) борт инженер (борт механик);

10) борт радист;

11) борт операторы;

12) борт жолсерігі;

13) ӘКҚК диспетчері;

14) ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженер;

15) ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі техник;

16) аса жеңіл авиация техникі;

17) ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер;

18) авиациялық станция (теңіз қондырғыларында орналасқан) операторы.

Ескертпе. ӘК құрауыштарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі инженер үшін ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженерге куәлік беруге рұқсат етіледі.

ӘК құрауыштарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі техник үшін ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі техникке куәлік беруге рұқсат етіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

5. Авиация персоналының куәлігі мамандыққа байланысты түстері мен сериялық әріптік кодтары бойынша ажыратылады.

Авиация персоналы куәлігінің сериялық әріптік кодтары мен түстері осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

6. Куәлік медициналық куәландырудан өткен күнінен бастап:

- 1) әуесқой пилот (ұшақ немесе тікұшақ) үшін – 24 ай;
- 2) коммерциялық авиация пилоты (ұшақ немесе тікұшақ) үшін – 12 ай;
- 3) авиакомпанияның желілік пилоты (тікұшақ немесе тікұшақ) үшін – 12 ай;
- 4) борт операторы үшін – 24 ай;
- 5) штурман үшін – 12 ай;
- 6) борт инженер немесе борт механик үшін – 12 ай;
- 7) борт радист үшін – 12 ай;
- 8) аса жеңіл авиация пилоты үшін – 24 ай;
- 9) ӘҚҚК диспетчері үшін – 24 ай;
- 10) борт жолсерігі үшін – 24 ай;

11) ұшуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметкер үшін 3 жылдан аспайтын кезең ішінде жарамды болып табылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

6-1. Куәлік азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген күннен бастап немесе оны ұзартқан күннен бастап:

- 1) ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженер үшін - 5 жыл;
- 2) ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі техник үшін - 5 жыл;
- 3) аса жеңіл авиация технигі - 5 жыл;
- 4) авиациялық станция (теңіз қондырғыларында орналасқан) операторы үшін 12 айдан жыл аспайтын кезең ішінде жарамды болып табылады.

Осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген куәліктің қолданылу мерзімі, егер ол аяқталғанға дейін куәлікті ұзартуға арналған құжаттар ұсынылса, үзілмейді. Бұл жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган куәліктің берілген күнінен (куәлікті бірінші ұзартқан кезде) немесе куәліктің қолданысы аяқталған күннен (екінші және кейінгі ұзартулар кезінде) куәлік

ұ з а р т ы л а д ы .

Егер осы тармақтың талаптары бұзылса, онда куәліктің қолданылу мерзімін есептеу күні қарауға ұсынылған құжаттар бойынша куәлікті ұзарту туралы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен б а с т а л а т ы н б о л а д ы .

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

7. Мынадай клиникалық көрсеткіштер бойынша медициналық қорытындының қолданылу мерзімі қысқарады:

1) 40 жастан асқан авиакомпанияның желілік пилотының (ұшақ, тікұшақ) куәлігін және коммерциялық авиация пилотының (ұшақ, тікұшақ) куәлігін иеленген, бір пилот басқаратын ұшақта жолаушыларды тасымалдау жөніндегі коммерциялық ұшуды орындайтын адамдар үшін куәліктің қолданылу мерзімі 6 а й ғ а д е й і н қ ы с қ а р а д ы ;

2) авиакомпанияның желілік пилотының (ұшақ, тікұшақ) куәлігін және коммерциялық авиация пилотының (ұшақ, тікұшақ) куәлігін иеленген, коммерциялық әуе тасымалын орындаумен айналысатын адамдар 60 жасқа толғанда куәліктің қолданылу мерзімі 6 айға дейін қысқарады.

8. 50 жастан асқан әуесқой пилоттың (ұшақ, тікұшақ) куәлігін, аса жеңіл авиация пилотының (ұшақ, тікұшақ) куәлігін және диспетчерінің куәлігін иеленген адамдар үшін куәліктің қолданылу мерзімі 12 айға дейін қысқарады.

9. Әуе кемесі командирінің немесе төменде санамалаған әуе кемелерінің кез келген түрінің командирі немесе екінші ұшқышының функцияларын орындау үшін о с ы к у ә л і к т і а л у қ а ж е т :
ұ ш а қ ;
т і к ұ ш а қ ;
а с а ж е ñ і л ә у е к е м е с і .

10. Ұшқыш куәлігін беру кезінде куәлікке әуе кемесінің түрі туралы белгі және білімді, дағдыларды (шеберліктерді) тексеру барысында пайдаланылған әуе кемелерінің сыныбына немесе үлгісіне сәйкес келетін біліктілік белгілері е н г і з і л е д і .

11. Әуе кемесі командирінің немесе ұшақтағы екінші ұшқыштың функцияларын орындау үшін үлгі сертификатында немесе осы біліктілік талаптарының көрсетілген жағдайлардан басқа, бір ұшқыштан тұратын ұшу экипажы пайдаланатын ұшуды пайдалану нұсқаулығында (оған барабар құжатта) :

- 1) бір қозғалтқышы бар, құрлықтағы;
- 2) бір қозғалтқышы бар, гидроұшақ;
- 3) көп қозғалтқышы бар, құрлықтағы;

4) көп қозғалтқышы бар, гидроұшақ үлгісі туралы біліктілік белгісі бар
ұ ш қ ы ш к у ә л і г і н і ң и е с і .

12. Оқу өтіп жатқан әуе кемесі командирінің функциясын орындауға мүмкіндік беретін біліктілік белгілері және «пилот–нұсқаушы» біліктілік белгісі бар, ұшу оқуын жүзеге асыру үшін пилот куәлігінің иесі жіберіледі.

13. Куәлік алу мақсатында ұшқышты оқыту кезінде оқытылатын адам бірінші немесе екінші сыныпты қолданыстағы медициналық қорытындыларға ие болса, дербес ұ ш у л а р ғ а жі бер і л е д і .

14. Жоғары және орта азаматтық авиацияның ұшқыштарды даярлау жөніндегі оқу орындарында оқитын тұлғаларға бірінші сыныптағы медициналық куәлігі болуы қажет.

2. Куәліктерді беру тәртібі

15. Осы Қағиданың 4-тармағында көрсетілгендей авиация персоналына куәлік беру, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

16. Куәлікті беру азаматтық және экспериментальдық ұйымның азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұсынған мынадай құжаттардың негізінде жү з е г е а с ы р ы л а д ы :

1) е р к і н н ы с а н д а ғ ы ө т і н і ш ;

2) азаматтық және экспериментальдық ұйымның қолымен және мөрімен расталған объективті деректері бар авиация персоналына ұсынымдар;

3) Қазақстан Республикасының азаматтығын немесе Қазақстан Республикасының тұруға ықтиярхатын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) екі фотосурет (түрлі түсті, күлгін, 3,5x4,5 өлшемде);

5) азаматтық авиацияның оқу мекемесін бітіргені туралы құжаттардың көшірмелері (ұшу училищесі, авиациялық-техникалық училище, авиация институт, авиация техникумы, колледж, оқу орталығы (бұдан әрі - ОО).

Ескертпе. ӘК қызмет көрсету жөніндегі инженерлер мен техниктер үшін – азаматтық авиацияның авиация-техникалық және ұшу орталығын, авиация институтын немесе ӘК және оның жабдықтарын техникалық немесе ұшумен пайдалану мамандығы бойынша авиация техникумын аяқтау туралы қ ұ ж а т т а р д ы ң к ө ш і р м е с і .

Лабораториялар немесе шеберханалар жағдайында құрауыштарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі инженерлер, техниктер, механиктер үшін - азаматтық авиацияның авиация-техникалық және ұшу орталығын, авиация институтын немесе авиация техникумын немесе техникалық колледжді, училищені немесе техникалық мамандықтар бойынша институты аяқтау туралы

құжаттардың

көшірмесі.

Аса жеңіл авиацияға қызмет көрсету жөніндегі техниктер үшін – аса жеңіл авиация техниктерінің курстарын аяқтау туралы құжаттардың көшірмесі;

6) медициналық қорытындылардың көшірмелері (ұшу персоналы, экипаждың қызмет көрсететін персоналы және ӘҚКД диспетчерлері үшін);

7) мамандығы бойынша біліктілігін арттыру курстарын уақыт бойынша соңғы өтуі туралы құжаттардың көшірмелері.

Ескертпе. Азаматтық авиацияның оқу мекемесінде тек теориялық курстардан өткен пилоттар мен штурмандар тренажерлық және ұшу дайындығы актілерін қосымша ұсынады.

ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженерлер мен техниктер, аса жеңіл авиация техниктері, құрауыштарға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі техниктер үшін – «Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсетуге қатысты адам мүмкіншіліктері» курсын өткені туралы куәліктің көшірмесі, оны өту мерзімі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның құжаттарды қарауға қабылдау күні сәтіне кемінде үш жыл болуы тиіс.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

17. Құжаттарды қарау түскен сәттен бастап 30 күнтізбелік күн құрайды.

18. Куәлік азаматтық авиация ұйымының бірінші басшысына немесе сенім білдірілген адамға беріледі.

19. Азаматтық авиация персоналының куәлігі оны иесіне берген сәттен бастап күшіне енеді.

20. Куәлікті ауыстыру куәлік бүлінген, толтыру үшін парақтары болмаған жағдайларда және басқа себептермен азаматтық және экспериментальдық ұйымдардың куәлікті қалпына келтіру туралы өтініші негізінде жүргізіледі.

Куәлікті ауыстыру үшін азаматтық авиация ұйымы осы Қағиданы 16-тармағының 1)-7) тармақшаларында белгіленген құжаттарды ұсынады.

Ескертпе. ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженерлер мен техниктер, құрауыштарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі инженерлер мен техниктер, аса жеңіл авиация техниктері үшін ескі куәлікте белгіленген қызмет көрсетуге арналған барлық рұқсаттар ауыстыруға жатады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

21. Куәлікті беру Тізілімде және электрондық базада тіркеледі (авиация персоналының әрбір мамандығы үшін жеке) осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес.

22. Куәлік кітап типті, өлшемі 8,7x12 сантиметр.

23. Азаматтық авиация куәлігі ағылшын тіліне аударылып, қазақ тілінде

ш ы ғ а р ы л а д ы .

Куәлік 14 тармақты құрайды, куәліктің тармақтары біркелкі рим цифрымен нөмірленеді, олар анық және мұқият жазумен, қара түсті сиямен немесе қаламның пастасымен толтырылады. Тазартып өшірулерге, түзетулерге және өшірулерге ж о л берілмейді.

Куәліктің әрбір тармағына белгілі бір ақпарат (мәлімет) сәйкес келеді.

24. Авиация персоналының барлық санаттарының куәліктердегі төменде көрсетілген тармақтар мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) I тармақта мемлекеттің атауы мемлекеттік (қазақ) немесе халықаралық (ағылшын) тілдерінде (жартылай қою шрифпен) көрсетіледі;

2) II тармақта куәліктің атауы көрсетілген (қалың шрифтпен);

3) III тармақта куәлік берген азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген куәліктің сериялық нөмірі көрсетілген (араб цифрларымен);

4) IV тармақта куәлік иесінің тегі, аты, әкесінің аты қазақ тілінде көрсетіледі, туған күні араб цифрларымен көрсетіледі (күні, айы, жылы);

5) V тармақта куәлік иесінің мекенжайы көрсетіледі, ол «Қазақстан Республикасы» немесе «Republic of Kazakhstan» деген жазулармен үйлесімді б о л а д ы ;

6) VI тармақта куәлік иесінің азаматтығы көрсетіледі. VI тармақта азаматтық ағылшын тілінде көрсетіледі;

7) VII тармақта куәлік иесі өзінің қолын қояды. Осы бетте қойылған қолдың үстіне куәлік иесінің костюмде және галстукте бас киімсіз алдынан түскен фотосуреті жапсырылады. Күңгірт қағаздағы фотосуреттің мөлшері 3,5х4,5 см, сол жақ шеткі бұрышқа жапсырылады. Фотосурет пен жеке қол куәлікті берген азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның елтаңбалық мөрімен р а с т а л а д ы ;

Ескертпе. Инженерлер мен техниктер үшін алдынан және бас киімсіз түскен ф о т о с у р е т беріледі.

8) VIII тармақта азаматтық авиация куәлігі кіммен берілгені көрсетілген;

9) IX тармақта куәліктің қолданылу мерзімі жазылады, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғасының қолы қойылады. Жазу азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның елтаңбалық мөрімен расталады. Куәлік жарамды болып табылатын күн осы Қағиданың 6, 6-1-тармақтарының талаптарымен айқындалады;

10) X тармақта куәлікке азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органы лауазымды адамның қолы және берген күні;

11) куәліктің XI тармағында куәліктің берілген күні көрсетіледі және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның мөрі қойылады;

12) XII тармақта пилоттардың, штурмандардың, борт инженерлерінің, борт

механиктерінің, борт радистерінің, борт операторларының, борт жолсеріктерінің куәліктерінде ӘК (ұшақтар үшін бір қозғалтқышты немесе көп қозғалтқышты, тікұшақтар үшін бір бұрандалы немесе көп бұрандалы), құрлықтық немесе гидроұшақтың (тікұшақ) түрі, типі, берілген біліктілікке байланысты мынадай лауазымдары

көрсетіледі:

әуе кемесінің командирі (Captain);
екінші пилот;
штурман;
борт инженері;
борт механигі;
борт радисті;
борт операторы;
борт жолсерігі;
әуесқой пилот;
аса жеңіл авиация пилоты.

ӘҚҚК диспетчерлері куәліктерінде оның иесі жұмысқа жіберілген диспетчерлік пункттің (пункттердің) атауы көрсетіледі.

ӘК техникалық қызмет көрсету жөніндегі инженерлер мен техниктердің, сондай-ақ аса жеңіл авиация техниктерінің куәліктерінде ӘК-нің типі мен түрлендіруі, ӘК пайдаланылатын қозғалтқыштың типі, куәлік иесінің санаты, сондай-ақ куәлік иесі орындауға жіберілетін ӘК техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстардың түрі мен көлемдері көрсетіледі.

Құрауыштарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі инженерлер мен техниктердің куәліктерінде куәлік иесінің санаты, сондай-ақ оларға қызмет көрсетуге және жөндеуге маманға рұқсат етілетін жабдықтардың немесе құрауыштардың түрлері көрсетіледі.

Куәліктегі жазулар рұқсат ету күнін көрсете отырып, лауазымды тұлғаның қолымен және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның мөрімен расталады. ӘК техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ құрауыштарға техникалық қызмет көрсету күні рұқсат ету туралы азаматтық және экспериментальдық авиациялар ұйымының бұйрығы жарияланған күнмен анықталады және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ұсынылған бұйрықтың көшірмесімен расталады.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ құрауыштарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі куәліктің ХІІ тармағына рұқсат етулерді енгізу туралы бұйрықтардың көшірмелері бұйрықтың жарияланған күнін және оның нөмірін енгізу үшін негіз болады, содан бастап рұқсат ету жарамды болып табылады;

13) куәліктердің ХІІІ тармағына рұқсат ету туралы мынадай деректер

е н г і з і л е д і :

Нұсқаушылық жұмысқа, аспаптар бойынша ұшуға және метеорологиялық минимумдар (минимумдар бойынша 1, 2, 3-санаттар) бойынша ұшуды және қонуды орындауға, 2008 жылғы 5 наурыздан бастап радиотелефондық байланыста пайдаланылатын ағылшын тілін білу деңгейі туралы белгі.

Авиациялық жұмысты орындайтын пилоттар үшін куәліктерінде жұмыстар түрлері көрсетіледі.

ӘҚҚК диспетчерлері куәліктерінде лауазымға тағайындау туралы деректер енгізіледі және әуе қозғалысын ұйымдастыру, ағылшын тілінде радиоалмасу жүргізу сияқты ерекше құқықтар туралы мәліметтер, ал 2008 жылғы 5 наурыздан бастап радиотелефон байланысында пайдаланылатын ағылшын тілін білу деңгейі туралы белгі көрсетіледі.

Инженерлер мен техниктердің куәліктерінің XIII тармағы, егер азаматтық және экспериментальдық авиация ұйымдары маманға дербес берілетін, ӘК немесе олардың құрауыштарында жұмыс істеу үшін маманға рұқсат етілген қосымша жұмыстардың түрлері белгіленетін рұқсаттар сертификатын бақылау мен берудің меншікті ішкі жүйесі бар болса, бос қалуы мүмкін, бұл ретте рұқсат етілген жұмыс түрлері осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген арнайы жұмыстар түрлерімен анықталады.

Егер азаматтық және экспериментальдық авиация ұйымы маманға дербес берілетін рұқсаттар сертификатын бақылау мен берудің меншікті ішкі жүйесі болмаса, XIII тармаққа мынадай арнайы жұмыстардың бір немесе бірнеше жазуы енгізілуі мүмкін:

Ә К с ү й р е т у ;

қозғалтқыштың барынша рұқсат етілген жазуымен ӘК қозғалтқышын іске қос у ж ә н е с ы н а у ;

қозғалтқыштың бороскопиясы;

Ескертпе. XIII тармақ азаматтық және экспериментальдық авиация ұйымының рұқсаттар сертификатын бақылау мен берудің меншікті ішкі жүйесі болған жағдайда толтырылуы мүмкін және қалауына қарай толтырылуы мүмкін.

Авиациялық персоналдың куәліктерінің XIII тармағына енгізу үшін арнайы жұмыстар түрлерін, азаматтық және экспериментальдық авиация ұйымында, егер куәлікте көрсетілуі басқа да қажет арнайы жұмыстардың түрлері болса, азаматтық және экспериментальдық авиация ұйымы толықтырады. Арнайы жұмыстардың басқа түрлерінің тізбесі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен оларды куәліктерге енгізгенге дейін келісілуі тиіс.

Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ құрауыштарға техникалық қызмет көрсету жөніндегі куәліктің XIII тармағына рұқсат етулерді енгізу туралы бұйрықтардың көшірмелері бұйрықтың жарияланған күнін және

оның нөмірін енгізу үшін негіз болады, содан бастап рұқсат ету жарамды болып табылады.

XIII тармақтағы жазулар қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Жазу азаматтық және экспериментальдық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғасының қолымен расталады;

14) Куәліктің XIV тармағында азаматтық және экспериментальдық авиация ұйымының атауы көрсетіледі. Жазуларды енгізуге негіз азаматтық және экспериментальдық авиация ұйымына жұмысқа жалдану туралы бұйрық болып табылады, одан деректер оған объективті деректерден алынады.

Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

25. Куәліктің XII және XIII тармақтарында толтырылатын біліктілік белгілері мен арнайы белгілер жазбаларының мысалдары осы Қағиданың 3-қосымшасында көрсетілген.

3. Қорытынды ереже

26. Авиация персоналы авиациялық оқиғаларға немесе дау–жанжалға алып келетін немесе ұшу қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп туғызатын ұшуды орындау, қызмет көрсету және қамтамасыз ету нормалары мен ережелерін бұзған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы авиация персоналы куәлігінің уақытша қолданылуын тексеру аяқталғанға және шара қабылданғанға дейін тоқтата тұрады. Куәлік қолданылуын тоқтату, осы куәліктегі біліктілік белгісінің қолданылуын тоқтатады.

27. Авиация персоналы жасаған ұшу қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп туғызатын бұзушылықтарға мыналар жатады:

1) ӘК–нің ұшу жарамдылығына әсер ететін жұмыстарды орындау технологиясын сақтамау;

2) инспекциялық тексеру кезінде анықталған кәсіптік дайындықтың жеткіліксіздігі;

3) ӘҚҚК ұйымына техникалық қызмет көрсету, ұшуды қамтамасыз ету және орындау жөніндегі жұмыстарды атқарған кезде белгіленген талаптарды қайта-қайта немесе бір рет өрескел бұзу.

28. Куәліктің қолданылуын тоқтатқан лауазымды адам Акт (нұсқама) ресімдейді және оны көрсетілген авиация персоналы бағынатын азаматтық авиация ұйымының басшысына жібереді.

29. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамы мыналардың куәліктерінің қолданысын тоқтатады:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымының авиация
п е р с о н а л ы ;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық авиацияның авиация персоналы
куәлігін алған басқа ұйымның авиация персоналы;

3) ә у е с қ о й п и л о т ;

4) а с а жеңіл авиация пилоты.

30. Азаматтық авиация ұйымының командалық-ұшу, инспекторлық,
басшылық құрамы өздеріне тікелей бағыныстағы авиация персоналының
куәліктеріндегі біліктілік белгінің қолданылуын тоқтатады.

31. Куәлік мынадай жағдайларда толық жойылуға жатады:

1) жоғалтқан, бүлінген аты-жөнін, ауыстырған кезінде және басқа да
техникалық себептер бойынша;

2) коммерциялық авиация пилоты, әуесқой пилот куәлігінің орнына
авиакомпанияның желілік пилотына куәлік беру, әуесқой пилот куәлігінің
орнына коммерциялық авиация пилотының куәлігін беру, немесе коммерциялық
авиация пилотының куәлігінің орнына әуесқой пилот куәлігін беру;

3) техник куәлігінің орнына инженер куәлігін берген кезде;

4) жұмыс орнынан деректерді ұсынған жағдайда авиаперсоналдың
денсаулығы бойынша зейнеткерлікке шығуы немесе қайтыс болуы;

5) 5 жылдан артық жұмыс істемеуі;

6) Қазақстан Республикасы сот органдарының шешімі бойынша.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация
министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.**

32. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органы авиация персоналының
куәлігін кері қайтарып алу туралы шешім шығарған жағдайда авиация
персоналына куәлік беру тізіліміне «Ескертпе» деген бағанда күнін көрсете
отырып, куәлікті кері қайтарып алу туралы жазба түсіріледі.

33. Азаматтық авиация ұйымы, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті
органға куәлікті қалпына келтіру туралы өтініш жібереді.

34. Куәлікті қалпына келтіру ол жоғалған, ұрланған, бүлінген жағдайда
ж ү р г і з і л е д і .

35. Куәлік жоғалған, ұрланған жағдайда куәліктің қолданылуы жаңа куәлік
алғанға дейін тоқтатылады.

36. жоғалған (бүлінген) куәліктерді айырбастау үшін азаматтық авиация
ұйымы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға осы Қағиданың 16-
тармағына сәйкес құжаттармен өтінішті, сондай-ақ жоғалғанын, ұрланғанын,
бүлінгенін растайтын құжаттарды жібереді.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация
министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.**

А в и а ц и я п е р с о н а л ы н а
к у ә л і к б е р у қ а ғ и д а с ы н а

1–қосымша

Авиация мамандары куәліктерінің сериялық әріптік кодтары мен түстерінің кестесі

[illegible]

Нысаны

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

Авиация персоналына куәлік беру тізілімі

№	Куәліктің типі	Куәліктің №	Мақсаты	Берілген күні	Пайдаланушы	Жарамдылық мерзімі Licence	Куәлік иесі (меншігі)	Мед. куәліктің мерзімі	Білікті артты курста БAK)
1	CPL	B № 0000	жолаушы						
2	ATPL	P№ 000	Авиациялық жұмыстар						
3	AMEL-Engineer	E№ 0000	жүк					қолданылмайды	
4	FAL-Attendant	CA№ 000	Қызмет көрсету						

А в и а ц и я п е р с о н а л ы н а
к у ә л і к б е р у қ а ғ и д а с ы н а
3—қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011.12.02 № 711 (4-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

Авиация персоналы куәлігінің XII және XIII тармақтарын толтыру 1. Flight crew members (ӘУЕ КЕМЕСІ ЭКИПАЖЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ):

XII. Ratings (Біліктілік белгілері):

A. Category (Санаты):

- 1) Multi-engine (көп қозғалтқышты);
- 2) Single-engine (бір қозғалтқышты);
- 3) Single main rotor, land helicopter MI-8 (MI-2);
- 4) (бір бұрандалы, құрлықтағы тікұшақ MI-8 (MI-2);
- 5) Autogiro (Ротор типті (автомай);
- 6) With balance control – motor deltaplane (теңгерімді басқарумен – дельтаұшақ) ;
- 7) airship (дирижабль);
- 8) heat air ball (жылу әуе шары).

B. Class (Класс):

- 1) Land aircraft (Құрлықтағы);

- 2) Hydroplane (Гидроплан);
- 3) Amphibian (Амфибия);
- 4) with tail rack carriage (артқы тірегі бар шасси).

C. Type of aircraft (ӘК типі):
Il-96, Tu-154, Yak-42, A-320, B-737, 757

- D. Duties exercised (Міндеттер):**
- 1) pilot-instructor (пилот-нұсқаушы);
 - 2) Pilot-in-command (ӘК командирі);
 - 3) Co-pilot (Екінші пилот);
 - 4) Flight navigator (Штурман);
 - 5) Flight engineer (Борт инженері);
 - 6) Radio operator (Борт радисті);
 - 7) Aircraft on-board operator (Борт операторы);
 - 8) Flight attendant (Борт жолсерігі);
 - 9) Chief- cabin, Flight attendants – Instructor (Борт жолсерігі-нұсқаушы);
 - 10) Pilot in command ULP (АЖА әуе кемесінің командирі);
 - 11) Pilot-instructor ULP (пилот – АЖА нұсқаушысы);

Е х а м п л е :

- 1) multi-engine, land aircraft A-320, pilot-in-command, Order of FD № (көп қозғалтқышты, құрылықтағы ұшақ, А-320, ӘК командирі, ҰО № бұйрығы);
- 2) Flight Department – {Ұшу отряды);
- 3) multi-engine, land aircraft A-320, co-pilot, Order of HQC № (көп қозғалтқышты, құрылықтағы ұшақ, А-320, екінші пилот, ЖАК № бұйрығы);
- 4) Flight attendant, A/C Tu-154M, Order Order of HQC № 12, 12.12.02 High Quality Commission);
- 5) single-engine, land aircraft, An-2, co-pilot, Order of CADK № (бір қозғалтқышты, құрылықтағы ұшақ, Ан-2, екінші пилот, ЖАК № бұйрығы);
- 6) Civil Aviation Committee – Азаматтық Авиация Комитеті.

XII. Approved type of work (РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ):

- 1) Approved for aerochemical works on ACFT An-2. Order № (Ан-2 ӘК-те авиациялық-химиялық жұмыстарға жіберілді. № бұйрық.);
- 2) Approved for aerovisual and aerophotography flights (Ан-2 ӘК-те аэрокөрілімдік және аэротүсірілім жасау үшін ұшуды орындауға жіберілді. № б ұ й р ы қ) ;
- 3) Approved for passenger transportation. Order № (Жолаушыларды тасымалдауға жіберілді. № бұйрық.);
- 4) Approved to perform forestry-aviation works in highlands. (Таулы жерлерде орман-авиациялық жұмыстарды орындауға жіберілді.);
- 5) Approved to perform searching aerovisual and aerophotography works in

highlands. (Таулы жерлерде іздестіру-түсіру жұмыстарын орындауға жіберілді);

6) Approved to perform search and rescue works in highlands. (Таулы жерлерде іздестіру-құтқару жұмыстарын орындауға жіберілді.);

7) Approved to perform aerochemical works in highlands (on flat ground). Order of Air Unit Commander # (Таулы жерлерде (жазық жерлерде) АХЖ (авиациялық-химиялық жұмыстар) орындауға жіберілді. Авиабөлімше командирінің № бұйрығы.);

8) Approved to perform flights for shooting off wild animals from air in highlands (on flat ground). (Таулы жерлерде (жазық жерлерде) аспаннан жабайы аңдарды ату бойынша ұшуды орындауға жіберілді.);

